

01.04.2019.

«Күлкі – көңіл ажары»

1 апреля – День смеха

2019 жылдың 1 сәуір күні ОӘФК абонемент бөлімінде күлкі күніне орай «Күлкі – көңіл ажары» атты күлкі көрмесі ұйымдыстырылып, кітаптарға шолу жасалды.

Көрменің мақсаты - адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру, күлкі және жымыюдың адам өміріндегі қажеттілік екенін түсіндіру, кітаптармен таныстыру.

Атақты сатирик Сейіт Кенжеахметұлы ағамыздың: «Күлдіре білу — өнер, күле білу — өмір, күлкі болу — өлім» деген сөздерінің жаны бар.

Күлкі стресске қарсы ең басты құрал екені белгілі. Күлкі-адам өміріндегі ең қызықты сәт десе де болады. Жүзіңнен күлкі кетпесін дейміз ғой, күліп жүрген, жайдарлы адаммен сөйлесе әлдеқайда ыңғайлы емес па?

Күлкі жұқпалы дейді. Бір адамның «хи-хи» деген күлкісінен өзің еріксіз күлуің мүмкін. Бірақ күлкі дегеніміз ең пайдалы инфекция.

Шолуға оқырмандар мен кітапхана қызметкерлері қатысты. Шолуды қызмет көрсету бөлімінің оқырманы Сағынтаев Б. жасады. Оспанхан Әубәкіровтың «Анау мен мынау» атты кітабынан «**Кейдейсоқ махаббат**» атты әзіл – оспақ өлеңін оқып, оқырмандардың көңілін бір көтерді.

Кітап көрмеге тағы да басқа қазақ жазушылардың кітаптары қойылды. Кенжеахметұлы С. «Күлкіден айырмасын: әзіл-сықақ әңгімелер», Амангелді Әшірбек «Намыс», Әбдірашев Ж. «Әзілің жарасса», Әлімбекұлы Т. «Қалай болса - солай: әзіл-сықақ өлеңдер», Дәрімбетов Б. «Тамаша: [монолог, интермедия, шымшымалар], Жақып М. «Мергенбай айтқан екен: әзіл әңгімелер», Қабышұлы Ғ. «Анау - мынауизация: әзіл-сықақ әңгімелер және аудармалар жинағы» және т. б. кітаптар орын алды.

Кітап көрме сәуірдің ортасына дейін жұмыс жасайды.



Кулкі - көңіл ажары
1 сәуір күлкі күні

Үздік Әзілдер

Қайырым тағы
Бүгінгі күн
сөзі

Көңілдің кілті - күлкі

Кулкістай әзіл-сықақ
әлемінде

Сатира - әмірдің
айнасы

Кулкідейік

Көңілдің
кілті - күлкі

Кулкідейік

Кулкідейік